

Д.А. Қонаев атындағы университет



Университет им. Д.А. Кунаева

*қонаевтың 100-жылдығына арналған студенттер және
ұранттардың*

*СТАН РЕСПУБЛИКА СЫНДАТЫ ҚОҒАМДЫҚ
МДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІМӘСЕЛЕРІ»*

*икалық ғылыми-теоретикалық конференциясының
РИАДДАРЫ*

МАТЕРИАЛЫ

*республиканской научно-теоретической конференции
студентов и магистрантов*

*ТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»,
посвященной 100-летию ДА, Кунаева*

Алматы
21.05.2012

УДК 378
ББК 74.58
А43

Ответственный редактор: проректор по научно-исследовательской работе
Университета им. Д.А. Кунаева, доктор юридических наук Алибаева Г.А.

«Актуальные проблемы развития общественных наук в Республики
Казахстан», посвященная 100-летию Д.А.Кунаева : Сборник докл.- Алматы,
2012.- 356с.

ISBN 9965-627-42-8

В сборнике представлены доклады магистрантов и студентов
отечественных вузов. В докладах были освещены проблемы юридических,
экономических, социально-гуманитарных наук, посвященные 100-летию Д.А.
Кунаева.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN ЯЯЙМЭЗДВД

Д.А. Кунаева, 2012

СОДЕРЖАНИЕ

ельное слово ректора университета им. Д.А. Кунаева, доктора
~ких наук, профессора Копабаева О.К.....7

ДОКЛАДЫ МАГИСТРАНТОВ

ырова А.А. Қазақстан Республикасындағы білім беруді басқарудың ікжүйесі.....	8
МОВ Р. Қазақстан республикасында қоршаған ортаға келтірілген ~еудің кейбір құқықтық мәселелері.....	11
Б.А. Тұрмыстық зорлық құрбандары үшін сенім телефоны.....	15
ова Д.К. Коммерциялық және өзге ұйымдардың қызметкерлерімен н қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін отандық • нормаларының дамуы (тарихи анализ).....	19
: Г.Е.Астана қаласы бойынша әкәметке толмағандармен жасалған "рды саралау.....	22
Н. Шетел. валютасындағы қаражатты шетелден қайтармаудың Ік белгілері.....	26
"_ОВ А.М. Сыбайлас жемқорлық ұғымының эволюциясы.....	35
' Э. Адам құқықтарының негізгі қағидалары.....	39
А.Ә. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы іҚоршаған ортаны өнеркәсіптік қызмет әсерінен құқықтық қорғау	43
С.М. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу гі аддын алатергеудің мәні, міндеттері, максаты.....	48
Г.С. Сравнение правового положения иностранцев в мире по ~ному частному праву.....	54
Ш. Б. Местное самоуправление в зарубежных странах на ликобритании, Франции, ФРГ.....	58
З.М. Актуальные проблемы исполнения обязательств в І праве Республики Казахстан.....	64
ути утверждения принципов правового государства.....	72
М.С. Об особенностях производства следственных действий с ~остранцев.....	77
Б.Т. Критерии личносно-профессиональных качеств преподавателя высшей школы в условиях инноваций в	82
: Б.Т. Правовой ликбез надо начинать с детства.....	89
М. Оқиға болған жердің мән - жайларын қайта жаңғыртудың "не тактикалық негізі.....	98

большинство заимствований банка были использованы для кредитов на недвижимость, что образовало пузырь на рынке недвижимости [3].

Казахстан сумел успешно справиться с кризисом, поскольку он реализовал осмотрительную налогово-бюджетную политику с денежными средствами сохраненными в Национальном нефтяном Фонде, как мы знаем 66% доходов от продажи нефти было сохранено в течение 1997-2007гг. Национальный банк также имел значительные резервы.

Приватизация государственных предприятий будет способствовать созданию государственных фондов.

Будущая политика должна быть также направлена на привлечение прямых иностранных инвестиций вне нефтяного сектора для диверсификации экономики и накапливать большие международные резервы.

Список использованных источников:

1. Есентугелов А. Стратегия процветания страны в условиях меняющегося мира. Уроки мирового кризиса и модернизация казахстанской экономики. Алматы: 2011.
2. Есентугелов А. Природа мирового финансового кризиса и экономической рецессии. Газета «Республика», 31 октября и 7 ноября 2008г. Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. 2009, №1-2.
3. Сергеев Н. Интегральный индекс эффективности МониторингУ/Казахстанская правда.-2009-30апреля.
4. Сайт Агентства по статистике Республики Казахстан www.stat.kz

**Матеев Ғ.
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нің
I курс магистранты**

**Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент
Маликова Ш.Б.**

Экологиялық қылмыстылықпен күрес аясындағы қылмыстық саясатты жүзеге асырудың кейбір мәселелері

Мемлекеттің экологиялық қылмыстармен күресі аясындағы қылмыстық саясатының жүзеге асыру мәселелерін қарастырмас бұрын, саясаттың түсінігін, қылмыстық саясатты жүзеге асыру ұғымын, экологиялық қылмыстылықтың түсінігін, қоғамға қауіптілігін жан-жақты түрде ашу қажет.

Қылмыстық саясат қылмыстық, қылмыстық-атқару және криминология ғылымдарындағы өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

«Саясат» (politike) - грек тілінен аударғанда «мемлекетті басқару еңері» дегенді білдіреді. Саясат қоғам өмірінің қандай-да бір саласын басқару бойынша мемлекеттің қызметін білдіреді. Қылмыстық саясат әлеуметтік саясаттың бір бағыты ретінде мемлекеттің қылмыстылықпен күресу саласындағы саясатын білдіреді.

Қылмыстық саясатты жүзеге асырудың түсінігі мен нысандары жөніндегі сұрақтар қылмыстық саясат мәселелерінің аса маңызды сұрақтарының бірі болып табылады.

Барлық саясаттың, соның ішінде құқықтық және қылмыстық саясаттың табиғаты бір, біртұтас. Табиғаты бойынша ол ерекше ойларды іске асыруға, жасап шығаруға бағытталған қызмет. Сондықтан да, кез келген саясат, соның ішінде қылмыстық саясат та тәжірибеде орындауды, іске асуды қажет етеді. Сол кезде ғана ол езінің көздеген мақсатын орындайды. Қылмыстық саясатты іске асыру нысандарын қарастырмас бұрын, қылмыстық саясат мазмұнының және оны жүзеге асырудың түсінігіне анықтама беруіміз қажет.

«Жүзеге асыру» түсінігінің өзі (кеш латын тілінен аударғанда «realis»-затты, нақтылы дегенді білдіреді) бірденені іске асыруды білдіреді.

Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас қоршаған ортаға антропогендік ықпалдың пәрменділігімен сипатталады. Бүгінгі күннің өзекті мәселелесі оларды игеру емес, құндылықты қорғау және сақтап қалу. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол сұғатын экологиялық қылмыстылық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін құрайтын құндылықтарға қарсы бағытталған қоғамға қауіпті, кінәлі, заңға қайшы әрекеттердің жиынтығынан тұрады. Бұл қылмыстар тек жеке адамның экологиялық қауіпсіздігіне ғана емес, жалпы халықтың, қоғамның, ұлттың экологиялық қауіпсіздігіне зиян келтіруге қабілетті және мемлекеттің тұрақты дамуына кері ықпал етеді. Бұл қылмыстар қылмыстылық атты құбылыстың бір бөлшегін құрайтындықтан, бөлек аға бола алатын қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, тарихи өзгермелі әлеуметтік құбылысты да құрайды.

Қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде жердің экологиялық жағдайын ядролық шиеленістің дүниежүзілік қауіп-қатері ығыстырып жіберді. Қырғи қабақ соғыстың «түтіні сейілген» соң ғана планетамыздың жан түршігерлік экологиялық жағдайы анық біліне бастады. Бұл проблемаларды жасанды (субъективті) түрде ұзаққа созудың нәтижесінде олардың жәй-күйі мен шешіміне қолайлы жағдай туғызбай, керісінше мәселені ұлғайтып жіберетінін тағы да дәлелдеп тұр.

Осыдан 30-40 жыл бұрын қазіргідей жаһандық криминогендік жағдайдың орнайтынына сенбес едік. Себебі, адам - бар болғаны өз «кіші бауырларынан» тек парасатымен ерекшеленетін фаунаың бір биологиялық түрі болып табылады. «Homo sapiens»-ТЖН тұқымы өндіріс дәуіріне дейін табиғатпен толық үйлесімде күн кешті. Табиғат - қазіргі және келешек ұрпақтардың ортақ игілігі екені белгілі. 21-ші ғасырдың үштен бірі алдыңғы

ғасырлар мен мыңжылдықтардың экологиялық, дағдарыстарынан көп есе асып түсетін айқын жаһандық экологиялық апатпен сипатталатынына қазірдің өзінде көзіміз жетіп отыр.

Табиғатты қорғау қозғалыстарының күшейіп келе жатуы да адамзаттың пайда болған қауіп-қатерге берген әлеуметтік жауабы болу керек. Адамның табиғатқа қаншалықты сауатты қарағаны, оның тұлға ретінде өмір сүру ұзақтығын анықтауына ықпал етеді.

Әрбір ұлттың ұлт ретінде қалыптасып, дамуының негіздерінің өзі осы экологиялық қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты. Таза экологиялық табиғат болғанда ғана қоғамның, адам және адамзаттың өркендеуі жайлы сөз қозғалады. Ал экологиялық қауіпсіздікке табиғат аясындағы, қоршаған ортадағы флора мен фауна жүйесінің қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізе аламыз. Яғни, табиғат объектілерін тікелей құқыққа қайшы пайдалану немесе зиянды әсер ету арқылы олардың келеңсіз өзгеруіне алып келу экологиялық қылмыс жайлы айтуға жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексі экологиялық қылмыстармен тиімді күресу үшін құқықтық негіз болып табылатын табиғатты қорғау нормаларының кең ауқымды жүйесін қамтиды. Құқықтық қорғау объектісінің біртектілігі мен маңыздылығына сүйене отырып, Қазақстанның қылмыстық заңнама тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жүйесінде экологиялық қылмыстардың құрамын анықтайтын нормалар топталған жеке тарауға бөлінді. Алайда, Қылмыстық кодекс «Экологиялық қылмыс» деген ұғымның нормативтік анықтамасын бермейді. Ал бұл ұғымның тұжырымы іс жүзінде жүзеге асырылатын көптеген мақсаттарға қол жеткізу үшін өте маңызды. Экологиялық қылмыстың жалпы түсінігіне біркатар белгілерге тән **түрлік** мағынасы жатады. Әдебиетте қылмыстық заңда көрсетілгендей, қылмыстың жалпы белгілеріне сәйкес, қол сұғушылықтардың анықтамалары **берілген**. Әдетте, олар қылмыстық іс-әрекет объектісінің анықтамасымен байланысты немесе одан туындайды.

Экологиялық қылмыс ретінде айналадағы қоршаған орта мен оның құрамдастарына залал келтіретін, қылмыстық заңда қарастырылған қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, кінәлі түрде жасалған іс-әрекетті (әрекет немесе әрекетсіздік) айтамыз.

Экологиялық қылмыстар көбінесе экономикалық та (табиғи ресурстарды құқыққа қайшы пайдалану), күштеуші де (адам денсаулығына тікелей зиян келтіру) немесе пайдақорлық та (заңсыз аң аулау, балық аулау) сипатта болып келеді, бірақ олардың келеңсіз салдары әрдайым келтірілген зияннан асып кетеді.

Экологиялық қылмыстылық деп тұлғаның, халықтың, қоғамның экологиялық қауіпсіздігін және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұлымды пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастарға қол сұғатын экологиялық

ілімдердің күрделі жиынтығынан тұратын күрделі әлеуметтік-құқықтық қылмысты айтамыз.

Экологиялық қылмыстылықты кримиологиялық тұрғыда талдау оның адамдардың антиэкологиялық мінез-құлқына итермелеп жүрген детерминаттарды анықтап, оған профилактикалық ықпал жасаудың негізгі бағыттарын айқындауға жәрдемдеседі.

Экономикалық реформалар басталғалы және шекаралар ашылғалы бері негізгі мақсаты аңшылық болып табылатын Қазақстанға келуші шетелдік туристердің ағымы көбейді. Нәтижесінде, маралдар популяциясы жойылғалы тұр. Олардың саны тек қана аңшылық олжа табуын себебінен ғана емес, Қытайда сұранысы зор бұғы мүйізін табу мақсатындағы браконьерлік себебінен азаюда.

Экологиялық қылмыстардың ең жиі кездесетін түрлері - браконьерлік, ағаштарды заңсыз кесу, топырақ мен өсімдіктерді ластау.

Экологиялық қылмыстардың көбісі экономикалық мүдделерге зиян келтірумен тығыз байланысты - бұл табиғи ресурстарды заңға қарсы пайдалану және жүдету, халық денсаулығына зиян келтіру, табиғи ортаға зиян тигізу, бірақ өздерінің келеңсіз салдары мен келтіретін зияны бойынша олардан әрдайым асып түседі. Әсіресе, бұл мемлекет экономикасында ерекше орын алатын мұнай-газ саласы сияқты ресурс шығарушы салада байқалады.

Мусиев Е.

Д.А. Қонаев ат. Университетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к. Жұмағали А.

Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылық заңнамасын жетілдіру проблемалары

Есірткі контрабандасымен күресте әртүрлі қасиеттеріне қарай сараланатын процесстер пайдалануда. Біздің ойымызша, олардың ішінде құқықтық, функционалдық, заттай-техникалық әдістер үлкен орын алады.

Осы жерде құқықтық әдістер өзгеше. Бұл контрабандамен күрестегі бір-бірімен байланысты әдістер жүйесі құруын қамтамасыз етеді. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының 1961, 1971, 1988 Конвенцияларына қосылды, 1997-1998 жылғы мемлекеттік бағдарламасын жасады. «Есірткі және оның заңсыз тарауымен күрес туралы» заңын қабылдады [1,8 6.].